

Амангелді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 қарашадағы № 294 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 201 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына сәйкес Амангелді ауданының

ә к і м д і г і **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Амангелді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 қарашадағы № 294 "18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдем ақылар тағайындағанда нормативтік карточкада келтірілген орташа түсімді (өнімділікті), сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысты есептеу үшін статистика органдары ұсынатын бағаларды түзету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-6-118 болып тіркелген, 2010 жылғы 24 желтоқсанда "Амангелді арайы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов